

**Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 95 "Ырғыз ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 21 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 наурызда № 5277 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 95 "Ырғыз ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4960 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 маусымда " Ырғыз" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. ЕЛЕУСІЗОВ*